

СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Тағамтану және гигиеналық пәндер кафедрасы

# *БӨЖ*

ТАҚЫРЫБЫ: АДАМЗАТ ҮШІН ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТЫҢ САЛДАРЫ

ОРЫНДАҒАН: САГИДОЛДИНОВА АСЕЛЬ 108 ТОП ЖМФ

ТЕКСЕРГЕН: ДЮСЕМБАЕВА АСЕЛЬ СЕРИКБЕКОВНА

СЕМЕЙ 2015 ЖЫЛ

# ЖОСПАР



- ▣ Полигондардың қоршаған ортаға тигізген зардабы;
- ▣ Жарылыстың адамзат үшін салдары;
- ▣ Жер бетінде түрлі мутацияға ұшыраған адамдар мен жануарлардың дүниеге келуі;



# АДАМЗАТ ҮШІН ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТЫҢ САЛДАРЫ



Еліміздің тарихындағы ең қайғылы парактардың бірі - Семей ядролық сынақ полигонының өмірге келуі Алғашқы атомдық жарылыс дауысы 1949 жылы тамыздың 29-ы, таңғы сағат 7-де естілді. Семей ядролық полигоны ауданында 450-ден астам жер үсті және жер асты ядролық сынақтарының өткізілуі нәтижесінде атмосфераға, гидросфераға және литосфераға өте үлкен мөлшерде радиоактивті материалдар шығарылды. Тек Семей ядролық полигонының ғана емес, соған жақын жатқан орасан үлкен аумақтар да (Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жезқазған облыстары және Ресей Федерациясының Алтай өлкесі) радиоактивті ластануға ұшырады. Соның нәтижесінде сол аумақтағы көптеген тірі ағзалар және тұрғын халықтар зардап шекті.

Қазақстандағы сансыз ядролық зерттеулердің салдарлары әлі де толық зерттелген жоқ. Белгілі ақын **Олжас Сүлейменовтың** басшылығымен Невада—Семей экологиялық қозғалысы Семей ядролық полигонында сынақтар өткізуге толық тыйым салды.



## Ядролық жарылыс

**Бірінші жарылыс Аламогордодағы сынақ полигонында 1945 жылғы 16 шілдеде жасалды.** 1945 ж. тамызда әр қайсысының қуаттыдығы 20 кт болатын 2 атом бомбасы Жапонияның Хиросима (8 тамыз) мен Нагасаки (9 тамыз) қаласына тасталып, үлкен адам шығынына ұшыратты (Хиросимада 140 мыңдай, Нагасакида 75 мыңға жуық адам). КСРО-да академик И.В. Курчатов басқарған ғалымдар тобы ядролық қару жасады. 1947 ж. Кеңес үкіметі КСРО үшін атом бомбасының құпиясы жоқ екендігін мәлімдеді. 1949 ж. тамызда КСРО-да Семей полигонында бірінші атом бомбасын сынау өткізілді. 1952 ж. 1 қарашада АҚШ-та қуаттылығы 3 мт термоядролық қондырғы жарылды. Авиациялық бомба түріндегі термоядролық қару АҚШ-та 1954 ж. жасалды. КСРО-да термоядролық бомба 1953 жылдың 12 тамызында бірінші рет сынақтан өткізілді. 50-жылдардың ортасында АҚШ пен КСРО-да ядролық қаруды әр түрлі қашықтықтарға жеткізуге арналған әр түрлі кластар мен типтердегі тасығыштар жасалды. 1960 ж. КСРО-да Қарулы Күштердің ерекше түрі – стратегиялық мақсаттағы ракеттік әскер құрылды. АҚШ пен КСРО-дан басқа Ядролық қару 1952 ж. 30 қазанда Ұлыбританияда, 1960 ж. 13 ақпанда Францияда, 1964 жылдың 16 қазанында Қытайда пайда болды.

# САЛДАРЫ:

Облыста онкологиялық, жүрек-қан тамыр, жүйке және психикалық аурулар саны күрт өсті.

Халық азап шегіп, өлім құшты.

Отбасыларында кемтар балалар көбейді.

Табиғат ластанып, жан жануарлар да өлім құшып мутацияға ұшырай бастады.





**«Невада-Семей»  
халықаралы  
ядролық сынақтарға  
қарсы  
қозғалысының  
президенті  
Олжас Сүлейменов.**

**Олжас Сулейменов,  
президент  
международного  
антиядерного  
движения  
«Невада-  
Семипалатинск»**





1993 жылғы 29 тамыз – 3 қыркүйекте Алматыда Ғаламдық ядролық Сынақтарға қарсы альянстың Халықаралық конгресі өтті, оған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, «Невада-Семей» ядролық сынақтарға қарсы қозғалысының президенті Олжас Сүлейменов және әлемнің әр елдеріндегі ядролық сынақтарға қарсы қозғалыстардың өкілдері қатысты.

С 29 августа по 3 сентября 1993 года в г.Алматы прошел Международный конгресс глобального альянса, в котором приняли участие президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев, президент антиядерного движения «Невада-Семипалатинск» Олжас Сулейменов и представители антиядерных движений разных стран



# Ядролық державалар картасы

Ядролық қаруды таратпауға қатысты келісім бойынша, ядролық державалар ядролық қаруды 1.01.1967 жылға дейін іске қосқандар саналады.



АҚШ



Ұлыбритания



Франция



Ресей



Қытай

1945 жылы алғаш рет ядролық қаруды сынақтан өткізген. Ол қаруды басқа ұлтқа қолданған жалғыз ел (Хиросима, Нагасаки қалаларын бомбалаған).

Ядролық қаруды 1952 жылы сынақтан өткізген. Ал сутегі бомбаны 1957 жылы сынақтан өткізген.

Ядролық қаруды 1960 жылы алғаш рет сынақтан өткізді. Сутегі бомбасын 1968 жылы сынақтан өткізді.

КСРО ең алғашқы ядролық қаруды 1949ж-дан 1953 жылға дейін сынақтан өткізді. Ал сутегі бомбасын 1955 жылы сынады.

Ядролық сынақты 1964 жылы өткізді. Қытай орта Азиядағы ядролық қаруды жасап, оны сынақтан өткізген ең алғашқы ел.



Ядролық клубқа мүше елдер



Ядролық клубқа мүшелік етпесе де, ядролық қаруы бар елдер



Сарапшылардың пікірінше, соңғы 5-10 жылда ядролық қаруға иелік ететін елдердің қатарына кіретін елдер



Израиль



Пәкістан



Үндістан



КХДР



Иран



Жапония



Канада



Германия



Бразилия



Мысыр



Сауд Арабиясы





**Семей қаласындағы Нәрестелер үйінде кемтар болып туған балалар тәрбиеленеді. Олардың ата-аналары бас тартқан. Алеша Ковалев 4-гер шамасында. Оның орталық жүйке жүйесі дертке шалдыққан, аяққолы сал болып қалған.**

**В Доме ребенка города Семипалатинска находятся дети, родившиеся с физическими недостатками. Родители от них отказались. Алеше Ковалеву около 4-х лет. У него поражена центральная нервная система, паралич рук и ног.**











**Вячеслав Сухоруков – Семей каласында туған. Сырқаты – ушақпалы энцефалит. Дәрігерлер оның өмірі үшін екі жыл бойы күрескенмен, амал не, құтқарып қала алмады.**

**Вячеслав Сухоруков родился в городе Семипалатинске. Диагноз: прогрессирующий энцефалит. Два года врачи боролись за его жизнь, но спасти его не смогли.**













# ҚОРЫТЫНДЫ



Қатерлі ісіктерге ұшыраған науқастардың саны күрт өсіп, үш есеге артты. Туылған нәрестелер жетілмей, дүниеге әртүрлі кемістігі бар сәбилер келе бастады. Адамдардың денсаулығы мен қоршаған табиғи ортаға орны толмас зиян келді.

Семейдегі ядролық сынақтар салдарынан жүйке-психикалық ауруға шалдыққан адамдардың саны көбейген. Ал, сары ауру, іш ауруы сияқты дерттер халықты әбден меңдеген. Бұрын өкпе ауруын тұқым қуатын ауру деп келсек, енді қазақтар дауасыз рак, лейкоз, сал ауруы, қан аздық, жазылмайтын тері ауруларының алуан түрлеріне душар болып отыр. Ұрпаққа жалғасатын мұндай дертке дәрі де, дәрігер де дәрменсіз. Өйткені, олардың бұрын-соңды адамзат баласында кездеспеген ауру-сырқаулардың «жаңа» түрлеріне тап болып отырғаны жасырын емес.

Қазір полигон зардаптарын тартқан аймақтарда түрлі жұқпалы аурулармен ауыратындар саны артып келеді. Жыл сайын 20 мыңға жуық сәби шала туылып, 5 мың сәби іштей мүгедек болып жарық дүниеге келіп жатыр.

Адамдарды айтпағанда, егін егіп отырған алқаптардың барлығы да уланған. Жер құнарсызданып, оның құрамында темір, мыс, магний сынды металдардың мөлшері артты. **Тапай** мал қырылды, жаңа індеттер пайда болды.





# ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Новиков Ю.В. Экология, окружающая среда и человек.

«ФАИР-ПРЕСС», 2003 жыл 192 бет

2. Экология. Под ред. Денисова. В.В., Ростов-на Дону: МарТ, 2002 жыл 363 бет

4. Коробкин В.И., Передельский Л.В. Экология, конспект лекций Ростов на Дону, «Феникс», 2004 жыл 86 бет

5. Марфенин Н.Н. Концепция устойчивого развития» в развитии / Россия в окружающем мире: 2002 (Аналитический ежегодник) /1 Под общей редакцией: Данилова-Данильян В.И., Степанов С.А. - М.:Изд-во МНЭПУ, 2002 жыл 105 бет

6. Ғаламтор жүйесі

<https://kk.wikipedia.org/wiki>